


A decorative green vine winds across the page, featuring illustrations of various vegetables: a radish, an apple, a carrot, a cauliflower, a broccoli, and a tomato. The vine starts at the top left, loops around the top, then curves down the left side, passing through the broccoli and tomato, and finally loops back up towards the bottom right.


Асыңа **МӘН БЕР**

академик Шармановтың

**ҰЗАҚ ӨМІР
СҮРУ ҚҰПИЯСЫ**

**Төрегелді Шармановтың
халықаралық қоры
Almaty , 2025**





7 сіздің өміріңізді ұзартатын ПАЙДАЛЫ ТАМАҚТАНУ ӘДЕТІ

5

АСА ӨНДЕЛГЕН ТАҒАМДАР:

семіздікке апаратын
жасырын жол ма?



11

СҮТ

ішу керек пе,
әлде бас тартқан жөн бе?

15

ГЛЮТЕН зиянды ма?

19

ҚАЗАҚ АСХАНАСЫ:

пайдасы мен қаупі

25

АРАЛЫҚ АШЫҒУ:

пайдалы әдет пе,
әлде жай ғана сән бе?

33



ДИЕТАЛЫҚ ҚОСПАЛАР:

денсаулық елесі ме,
әлде маркетинг пе?

37

ДЕМЕНЦИЯ және тамақтану

БАЙЛАНЫС БАР МА?



41

ӘЙЕЛДЕР денсаулығының ҚҰПИЯЛАРЫ:

тамақтанудың 4 «П» қағидасы

45

ОСТЕОПОРОЗ СҮЙЕКТЕРІМІЗГЕ ТӨНГЕН ҚАУІП


тамақтану
тәртібін өзгерту қажет пе?

49

ӘКЕМ ЖАЙЛЫ


Алмаз Шарманның очеркі

53



сіздің өміріңізді ұзартатын

7 ПАЙДАЛЫ ТАМАҚТАНУ ӘДЕТІ



Фаст-фуд, жол-жөнекей жейтін тағамдар мен жартылай дайын өнімдерден бас тарту оңай емес. Көпшілік салауатты тамақтануды қымбат, қиын және жай ғана сән қуу деп ойлайды. Алайда, шын мәнінде, дұрыс тамақтану тек уақытша тренд емес, ол сіздің денсаулығыңыздың, күш-қуатыңыздың және ұзақ өмір сүруіңіздің негізі! Қандай қатаң шектеулерсіз дұрыс тамақтануды күнделікті өміріңіздің ажырамас бөлігіне айналдыруға болады?

93 жасаған академик Төрегелді Шарманов осыған қатысты қарапайым, бірақ өте тиімді қағидаларымен бөліседі.

“

Әрине, «3 күнде 3 келі тастайсыз» деп уәде беретін диеталарға елігу оңай. Бірақ мұндай әдістер ұзақ мерзімде сирек нәтиже береді, тіпті көбіне кері әсерге алып келеді. Оның орнына, ағзаға қуат беріп, аурулардан қорғайтын саналы тамақтануға назар аударған әлдеқайда тиімді.

Дұрыс тамақтану – қатаң диета емес, «тірі», табиғи тағамдарды саналы түрде таңдау.



Төрегелді Шарманов

САЛАУАТТЫ ӘДЕТТЕРДІ қалыптастыру жолдары

1. Өзіңізді табиғи өнімдермен қоршаңыз



Күн бойы көз алдыңызда қандай тағамдар тұрғанына назар салыңыз. Егер олар печенье, кәмпит және басқа да зиянды тағамдар болса, сіз оларды жеуге бейім боласыз. Әдеттеріңізді өзгертіңіз: үстеліңізде жемістер, көкөністер, жаңғақтар – пайдалының бәрі тұрсын.

2. Тұз бен қантты тұтынуды шектеңіз

Рационыңыздағы тұз бен қант мөлшерін біртіндеп азайтыңыз. Бұл ағзадағы стресті төмендетуге және көптеген аурулардың алдын алуға көмектеседі.



3. Өнімдердегі «химиялық қоспалардан» аулақ болыңыз

Қаптамадағы құрамын оқып көріңізші? Егер онда мынадай сөздер болса:



бояғыштар

консерванттар

тұрақтандырғыштар

эмульгаторлар

тәттілендіргіштер

толтырғыштар

Мұндай өнімдерді дүкен сөресінде қалдырған жөн. Бұлар қант диабеті, семіздік, жүрек-қан тамырлары және басқа да ауруларды тудыруы мүмкін аса өңделген тағамдар қатарына жатады.



4. Рационға өсімдік тектес тағамдарды көбірек қосыңыз

Аптасына 30 түрлі өсімдікті тұтыну ауру қаупін азайтып, белсенді өміріңізді ұзартуға ықпал ететінін білесіз бе? Бұл тек жемістер мен көкөністер ғана емес, сонымен қатар:

- жаңғақтар
- дәндер
- дәмдеуіштер
- бұршақ тұқымдастар
- көк шөптер



Рациондағы әрбір 5 грамм талшық өлімнің жалпы қаупін 14%-ға төмендетеді!

5. Пробиотиктерді қосыңыз



Ішектің саулығы – бүкіл ағзаның саулығы. Пробиотиктер ас қорытуды жақсартады, иммунитетті нығайтады және тіпті көңіл күйіңізге де әсер етеді. Рационыңызға ашыған сүт өнімдерін енгізіңіз: йогурт, айран, сүзбе немесе қазақтың пробиотикалық сусыны – шұбат.

6. Әдеттерді біртіндеп қалыптастырыңыз

Бәрін бірден өзгертуге тырыспаңыз. Академик Шарманов «екі минуттық» әдісін ұсынған: "Кез келген пайдалы әдетті екі минуттан аспайтын кішкентай әрекетке бөліп қарастырсаңыз, оны жүзеге асыру әлдеқайда оңай болады. Мысалы, жылына 30 кітап оқығыңыз келсе, күніне бір немесе екі беттен бастаңыз." Дәл осылай тамақтануға да қатысты: кішігірім қадамдардан бастаңыз – мысалы, таңертең бір стақан су ішіңіз.



7. «Тірі тағамдарды» тұтыныңыз



Оларға қою жасыл, қызғылт сары түсті көкөністер, бұршақ дақылдары, жемістер, тұтас дәнді дақылдар, майлылығы төмен сүт және сүт өнімдері жатады.

Тұтынылатын «өлі» тағамдардың мөлшерін шектеу маңызды, әсіресе қаныққан және транс майлары, қосылған қанттар мен артық калориялар. Олар картоп чипстерінде, кейбір консервілерде, шұжық және өңделген ет өнімдерінде, көптеген тәттілерде кездеседі.

БҮГІННЕН БАСТАП нені өзгерте аласыз?



3 пайдалы өнім + пробиотик

Күнделікті
рационыңызға
үш пайдалы
тағам қосыңыз.

Мысалы: ақ
нанның орнына
тұтас дәнді нан,
жаңа көкөніс
немесе жеміс,
құрамында
пробиотиктері
бар ашыған сүт
өнімдері.



Көбірек көкөністер мен жемістер

Әрбір тамақтану
кезінде
тәрелкеңіздің
2/3 бөлігін
көкөністер мен
жемістермен
толтырыңыз.
Көкөністерді
көбірек жегіңіз
келе ме?

Оларды әдеттегі
тағамдарыңызға
қосыңыз –
макаронға,
сорпаға,
пиццаға, гарнир
ретінде.



Сұлы жармасы

Сұлы
жармасы
сияқты тұтас
дәнді
дақылдар
холестеринді
төмендететін
және
қандағы қант
деңгейін
тұрақты
ұстайтын
талшық пен
бета-
глюкандарға
бай.



Кішігірім тәрелкелерден тамақтаныңыз

Диаметрі
25 см-ден кіші
тәрелкелер
порция
мөлшерін
бақылауға
көмектеседі.

Үлкен
тәрелкелер
(30 см және
одан үлкен)
бізді 22%
артық
калория
тұтынуға
итермелейді.



Жіңішке стакандардан су ішіңіз

Ұзын және
жіңішке
стақандар сусын
көлемін көзбен
үлкен етіп
көрсетеді,
сондықтан
сұйықтықты
тұтынуды
бақылауға
көмектеседі.



Порциялап беріңіз

Тағамды
дастарқанға
қоймас
бұрын
тәрелкелерге
салып беріңіз –
осылайша сіз
әдеттегіден
14%
аз жейсіз.



Нақты мақсаттар қойыңыз

Газдалған судың орнына су ішіңіз, аптасына бір рет вегетариандық кешкі ас ішіңіз, зиянды тағамдарды пайдалыларымен алмастырыңыз. Тұрақты әдетті қалыптастыру үшін орта есеппен 70 күн қажет, бірақ кейбір әдеттерді қалыптастыру үшін небәрі екі апта жеткілікті!

Ең бастысы, көбірек қозғалуды, жеткілікті ұйықтауды, өмірден қуаныш табуды және жақындарыңызбен құшақтасуды ұмытпаңыз!

АСА ӨҢДЕЛГЕН ТАҒАМДАР:

**семіздікке апаратын
жасырын жол ма?**



Сіз супермаркет сөрелеріндегі тағамның жартысынан көбі аса өңделген өнімдер екенін ойлап көрдіңіз бе? Түрлі-түсті қаптама, «фитнес-әсер» уәдесі, тез дайын болу – бұл ыңғайлылықтың артында не жатыр?

АСА ӨНДЕЛГЕН ТАҒАМДАР ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



Бұл жай ғана азық-түлік емес. Бұл үй асханасында ешқашан кездестіре алмайтын ингредиенттерден жасалған өнеркәсіптік «алхимияның» нәтижесі.

Эмульгаторлар, дәм күшейткіштері, тұрақтандырғыштар, хош иістендіргіштер...

Тізім көбінесе тұтас абзацқа дейін созылады және ондағы әрбір элемент жасанды болып келеді.

НЕЛІКТЕН БІЗ ОЛАРДЫ САТЫП АЛАМЫЗ?

Себебі бұл ыңғайлы.

Себебі олар дәмді.

Себебі біз асығыста жүреміз.

Бұл өнімдер сіздің уақытыңызды үнемдеуге және денсаулығыңызды алуға арналғандай. Олар ұзақ сақталады, тәбет ашарлықтай көрінеді және тәуелділік тудырады. Олардың құрамында гипер-тартымдылықтың бүкіл коды бар – май, қант және тұздың қосындысы миды көбірек талап етеді.



ҚАНДАЙ ТАҒАМДАР аса өңделген саналады?



**Газдалған сусындар,
энергетикалық сусындар
және хош иістендірілген сулар**



**Фастфуд,
тез дайындалатын
кеспе және картоп пюресі**



**Чипсы,
крекерлер,
попкорн**



**Кәмпиттер,
батончиктер,
печенье, балмұздақ**



**Шұжықтар,
қақталған еттер,
ветчина**



**Құрғақ таңғы астар,
«фитнес»
батончиктері**



**Дәмі бар йогурттар,
сүзбе,
маргарин**



**Қапталған нан
және зауыттық
нан өнімдері**



Қандай қауіп бар?

Ғылыми дәлелдер аса өңделген тағамдарды үнемі тұтыну семіздікпен, 2-ші типті қант диабетімен, жүрек-қан тамырлары ауруларымен және тіпті қатерлі ісіктің кейбір түрлерімен байланысты екенін көрсетеді.

Ғалым Кевин Холлдың зерттеуі көрсеткендей, аса өңделген диетада бар болғаны екі аптаның ішінде қатысушылар бір келіге дейін артық салмақ жинап, кәдімгі тағамдарды жегеннен гөрі күніне 500 калория артық тұтынған.

Бірақ бұл ғана емес.

Академик Төрегелді Шарманов атап өткендей, біз тек дене туралы емес, ақыл-ой туралы да айтып отырмыз. Аса өңделген тағамдар мазасыздық деңгейін арттырады, депрессияға ықпал етеді және тіпті ұйқыны бұзады. Оның астма, асқазан-ішек аурулары, соның ішінде Крон ауруы және ойық жаралы колит дамуымен байланысы туралы да мәліметтер бар.



Неліктен бұл орын алуда?



Өйткені біз «фаст-фуд» қалыпты жағдайға айналған ортада өмір сүріп жатырмыз. Бізді қанықтыруға емес, тұтынуға бағытталған азғырулар қоршап алған.

Бұл жай ғана жалқаулық емес, қазіргі тамақтану мәдениетінің тұзағы.

Не істеу керек?

- Құрамын оқыңыз. Неғұрлым қысқа және түсінікті болса, соғұрлым жақсы.
- Өңделмеген, табиғи тағамдарды таңдаңыз.
- Үйде тамақ пісіріңіз. Бұл көрінгеннен әлдеқайда оңай.
- Фастфуд, тәттілер, газдалған сусындар және «сау» батончиктерді тұтынуды шектеңіз.

Кейбір елдер аса өңделген тағамдарды, әсіресе балаларға сатуға және жарнамалауға қатаң шектеулер енгізіп жатыр. Бірақ түпкі шешім ерқайсымыздың қолымызда.



СҮТ

**ішу керек пе,
әлде бас
тартқан
жөн бе?**



Сүт — балалық шақтың сусыны, кальций көзі... әлде «тағам аутсайдері» ме? Әлеуметтік желілерде ол 40 жастан кейінгі №1 жау ретінде танылып жүр: пайдасы жоқ, қабынуды қоздырады, кальцийдің сіңуіне кедергі келтіреді, холестеринді көтереді дейді. Сүт мәселесіне салқынқанды қарап, ғылыми деректерге сүйене отырып зерделейміз.



Миф № 1:**Сүт өнімдері ағзада қабыну процестерін тудырады**

Шындығында, ғылыми дәлелдер мүлдем басқаша болжайды: 50-ден астам зерттеулер сүт өнімдерін жүйелі түрде тұтыну ағзадағы қабынуды көрсететін қан маркерлерін төмендететінін көрсетті.

Дегенмен, сүт ішкеннен кейін шынымен де жайсыздық сезінетін адамдар бар. Көбінесе бұл лактозаға төзімсіздік (ағза сүт қантын – лактозаны сіңіре алмаған кезде) немесе сүт ақуызына аллергия болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда өсімдік негізіндегі баламалар жақсы шешім бола алады – соя, сұлы, бадам сүті.

Сүт – жау емес. Ең бастысы, бәрі сапа мен мөлшерге байланысты екенін ұмытпаған жөн.

Миф № 2:**Сүттегі кальций сүйек сынуынан қорғайды**

Иә, сүт кальцийге бай екені рас. Алайда сүтті ең көп тұтынатын елдер — мысалы, Швеция мен Нидерланды — сүйектің сынғыштығынан болатын сыну деңгейі бойынша алдыңғы қатарда.

**Мәселе неде?**

Кальций маңызды, бірақ ол жалғыз әсер етпейді. Оның сіңуі D дәруменіне, ақуызға, физикалық белсенділік деңгейіне және басқа да факторларға байланысты. Сонымен қатар, сүтке қарағанда кальцийдің биожетімділігі жоғары көздері де бар. Оларға жасыл жапырақты көкөністер, брокколи, сондай-ақ жаңғақтар, бадам және басқа да азық-түліктер жатады.

Дегенмен, қарттар үйінде жүргізілген зерттеулер рационға сүтті, сондай-ақ йогурт пен ірімшікті қосу егде жастағы адамдардың сүйек сыну қаупін төмендететінін көрсетті.

Миф № 3:

Майсыздандырылған сүт майлы сүтке қарағанда пайдалырақ



Академик Шармановтың айтуынша, бұл пікірді растайтын ғылыми дәлелдер аз.

Жоғары сапалы сүт, әрине, зиян келтірмейді және ауру қаупін арттырмайды.

Бірақ майсыздандырылған сүт майдың бір бөлігін жоғалтады, сонымен қатар дәрумендердің сіңуіне маңызды рөл атқаратын кейбір қоректік заттардан да айырылады. Сонымен қатар, майлылығы төмен өнімдер дәмін сақтау үшін көбінесе өңделеді, бұл олардың денсаулыққа пайдасын азайтуы мүмкін.

Миф № 4:

Сүт өнімдері жоғары холестеринге зиянды

Факт: Сүт өнімдерінің құрамында қаныққан май бар. Бірақ бұл олардың қандағы «зиянды» холестерин деңгейін автоматты түрде көбейтетінін білдірмейді, бұл атеросклерозға және қан тамырлары мен жүрек жұмысындағы проблемаларға әкелуі мүмкін. Керісінше, зерттеулер көрсеткендей, сапалы сүт өнімдерін қалыпты мөлшерде тұтыну жүрек-қан тамырлары ауруларының қаупін төмендетеді.



Осындай бір зерттеуде қатысушылар үш топқа бөлінді. Бірінші топ рационнан сүт өнімдерін алып тастады, екіншісі майлылығы төмен диетаны ұстанды, ал үшіншісі майлылығы жоғары диетаны таңдады. Қызығы сол, барлық үш топтағы адамдардың қандағы холестерин деңгейі шамамен бірдей болды.

Миф № 5:

Көк ірімшік зиянды



Керісінше: көк ірімшік – ең құнды өнімдердің бірі. Ашыту процесінің арқасында (ферментация – бұл қышқылдану немесе ашыту процесі), оның құрамында ішек денсаулығына жағымды әсер ететін тірі микроорганизмдер пайда болады. Бірақ ешқашан көгермейтін ірімшіктер көбірек сұрақ тудырады – олар тым өңделген болуы мүмкін.

Ашытылған тағамдарға сүт өнімдері, йогурттар, ашытылған қырыққабат және басқалары жатады. Олардың құрамында біздің ағзамызға пайдалы әсер ететін ерекше бактериялар бар. Мысалы, йогурт пен ашытылған сүт өнімдерінде осындай пайдалы микробтардың үш-төрт түрі кездеседі.

Ал өңделген ірімшіктерде немесе мұздатылған пиццадағы моцарелла сияқты өңделген тағамдарда бұл пайдалы бактериялар іс жүзінде жоқ.

Ашыған сүт өнімдері туралы ТОЛЫҒЫРАҚ




Айран, қатық, қымыз, шұбат – бұл өнімдердің барлығы ерте заманнан бері әлем халықтарының рационында болған. Ал қазіргі зерттеулер көрсеткендей, бұл бекер емес.

Ашыған сүт өнімдері пробиотиктердің негізгі табиғи көздерінің бірі болып табылады, яғни ішегіміздің денсаулығын қолдайтын тірі бактериялар.



Ал бұл өте маңызды, өйткені ішек – жай ғана «ас қорыту жолы» емес, иммунитетке, көңіл күйге және тіпті ми жұмысына әсер ететін толыққанды орган.



Ішек микробиомасы – бұл біздің ішімізде өмір сүретін және тамақты қорытуға, аурулардан қорғануға және гормоналды тепе-теңдікті сақтауға көмектесетін миллиардтаған пайдалы бактериялардың қауымдастығы. Бұл «көрінбейтін органның» салмағы **шамамен 2,5 кг.**



- i Бірақ оның микрофлорасы оңай бұзылады.**
Негізгі тітіркендіргіштерге антибиотиктер, қабынуға қарсы дәрілер, алкоголь, стресс және теңгерімсіз диета жатады.

- i Бірақ микробиоманы қалпына келтіруге болады.**
Ол тез қалпына келеді және өзгерістерді оңай қабылдайды. Диетаны реттегеннен кейін 24 сағат ішінде өзгерістерді байқай бастайсыз.



Микробиомаға НЕ КӨМЕКТЕСЕДІ?

Пребиотиктер



пайдалы бактерияларға арналған «азық». Олар көкөністерде, жемістерде және талшыққа бай тағамдарда көп кездеседі.

Пробиотиктер



бұл бактериялардың өзі – ішегіміздегі сау микробтардың популяциясын байытатын тірі микроорганизмдер. Олардың ең қолжетімді және табиғи көзі ыашытылған сүт өнімдері болып табылады.

Айран, қымыз, йогурт сияқты ашытылған сүт өнімдерін тұтыну мәдениетін көшпелі халықтар – көшпенділер ғасырлар бойы дәріптеп келген.

Сондықтан, егер сіз ішек денсаулығыңызды сақтағыңыз келсе, кем дегенде екі күнде бір рет ашытылған сүт өнімдерін рационыңызға қосыңыз.



ГЛЮТЕН зиянды ма?



Соңғы уақытта қаптамадағы «глютенсіз» деген жазу «салауатты таңдаудың» белгісіне айналды. Глютен диеталардан жаппай алынып тасталып, оған қатысты жағымсыз пікірлер қалыптасып, тіпті бөртпеден бастап шаршауға дейінгі көптеген мәселелерге кінәлі саналады. Сонда глютен шынымен де бірден құтылу керек нәрсе ме?

Спойлер: көпшілік үшін – мүлде олай емес!



ГЛЮТЕН

дегеніміз не?



Глютен – бидай, қара бидай және арпада кездесетін ақуыз. Ол қамырға серпімділік пен икемділік беріп, нанды жұмсақ әрі дәмді етеді. Адамдар мыңдаған жылдар бойы глютенді тұтынып келеді. Археологтар 14 000 жыл бұрын өмір сүрген ежелгі аңшы-жинаушылардың дәмді дақылдардан жасалған шелпектерінің іздерін

тапқан. Иә, бұл шелпектердің құрамында да глютен болған. Біздің ағзамыз оны өңдеуге эволюциялық тұрғыдан бейімделген.

“**Глютен – бұл қазір пайда болған химиялық зат емес, ол ерте заманнан бері адам рационының құрамдас бөлігі болып келеді.**



**Төрегелді
Шарманов**

Глютен қашан шынымен зиянды?

Глютеннің шынымен зиянды болатын бір ауыр жағдай бар – целиакия ауруы. Бұл аутоиммундық ауру, бұл кезде глютен ішекте қабынуды тудырады.

Бақытымызға орай, целиакия ауруы өте сирек кездеседі, халықтың **1%-дан азында ғана кездеседі.**

Глютен зиянды болатын басқа да өте сирек жағдайлар бар – глютендік атаксия (қозғалыс үйлесімділігінің бұзылуы), герпетиформды дерматит (тері бөртпесі) – бірақ бұл жалпы ережеден гөрі ерекше жағдайлар.

Ал егер целиакия болмаса, бірақ глютен «жақпаса» ше?



Целиакиялық емес глютенге сезімталдық деген ұғым бар. Бұл кезде адамда целиакия ауруына ұқсас белгілер болуы мүмкін, бірақ олар глютенге қабыну реакцияларымен байланысты емес. Көбінесе бұл жағдайда кінәлі глютен емес, дәндерде кездесетін талшықтың бір түрі – фруктандар болып шығады.

Лайфхак: кәдімгі нанды ашытқы қосылған нанмен алмастырып көріңіз – оның құрамында фруктан аз. Егер өзіңізді жақсы сезінсеңіз, онда мәселе глютенде болмауы мүмкін.

Сонымен, глютен көпшілік үшін зиянды емес пе?

Дәл солай. Халықтың басым көпшілігі (90%-дан астамы) үшін глютен – мүлде қауіпсіз! Ол – тағамның табиғи құрамдас бөлігі. Сондықтан оны «көз жетпеген қауіптен» сақтану үшін алып тастаудың қажеті жоқ.

Керісінше, тұтас дәнді нан сияқты құрамында глютен бар тағамдарда көптеген пайдалы заттар бар: талшықтар, В дәрумендері, темір және магний. Бұл глютенсіз өнімдер туралы айту қиын. Көбінесе бұл тағамдарда маңызды дәрумендер мен минералдар жетіспейді, сондықтан глютенсіз диета әрқашан пайдалы таңдау бола бермейді.

“**Глютенсіз өнімдерде олардың құрамындағы «глютенді» алмастырғыштарға қарағанда қант, май және қоспалар көбірек болады**



**Төрегелді
Шарманов**

Сіз глютенсіз диетаны ұстану арқылы денсаулығыңыздың аздап жақсарғанын байқауыңыз мүмкін. Бірақ бұл, ең алдымен, глютеннен бас тартуға байланысты емес, сіз жай ғана фастфуд пен өңделген тағамдарды азырақ тұтына бастағаныңызға

Бірақ медициналық көрсеткіштері жоқ глютенсіз диетаның зиянды болуы мүмкін екенін есте ұстаған жөн. Егер сіз глютенді қажетсіз алып тастасаңыз, сіз мынадай мәселелерге тап болуыңыз мүмкін:



Дәрумендер мен минералдардың жетіспеушілігі

– B12, темір, фолий қышқылы, мырыш, селен және т.б.



Салмақ қосу

– көптеген глютенсіз өнімдердің майлылығы мен калориялығы қарапайым өнімдерге қарағанда жоғары



Жүрек-қан тамырлары ауруларының қаупінің жоғарылауы



Ішек микробиомының бұзылуы және иммунитеттің әлсіреуі

Не істеу керек? Ақылды кеңестер:

- **Егер сізде целиакия** ауруы болса, глютенсіз диетаны ұстаныңыз.
- Егер олай болмаса, глютеннен қорқудың қажеті жоқ! Ол зиянды емес.
- Өзіңізге диагноз қоймаңыз – бұл мәселені дәрігермен талқылағаныңыз абзал.
- Әртүрлі тамақтаныңыз, құрамында глютені жоқ, химиялық қоспалары бар алмастырғыштардан гөрі тұтас, табиғи тағамдарды таңдаңыз.




ҚАЗАҚ АСХАНАСЫ:

ПАЙДАСЫ МЕН ҚАУПІ



Күлкілі көрінгенімен, терең мағынасы бар сөз бар: қазақтар ет жеуде қасқырлардан ғана кем деседі! Бұл қалжыңда тарихи шындық бар – осыдан екі миллион жыл бұрын-ақ ата-бабаларымыздың етті тағамға көшуі эволюциялық тұрғыда үлкен бетбұрыс болған. Бұл өзгеріс өсіп келе жатқан миды қажетті қуатпен қамтамасыз етіп, адамның дамуына жол ашты.

Ет: ақыл мен денеге арналған қуат көзі



Ғажайып дерек: Адамның миы тыныш күйде де ағзадағы жалпы энергияның 20%-ына дейін тұтынады, ал маймылдардың миы бар болғаны 8%-ға жуық энергияны пайдаланады. *Homo erectus* пайда болғалы бері ет – негізгі калория мен қоректік заттардың қайнар көзіне айналды.

Ғасырлар бойы шексіз дала мен жылқы, қой сынды адал серіктерімен етене өмір сүрген көшпелілер бұл шындықты ерте түсінді. Табиғи жайылымда өскен бұл жануарлардың еті – ақуызға, пайдалы майларға, жүрек пен қан тамырларына қажетті дәрумендер мен минералдарға бай болды.

Көшпелілердің дастарқанында жылқы еті ерекше орын алды. Жылқылардың ерекше азығына байланысты қоныр ет омега-3 май қышқылдарына өте бай болып шықты – бұл жүрек-қантамыр жүйесіне аса пайдалы.

Аңшылық та көшпелі өмірдің маңызды бөлігі болды – рационды әртараптандырудың табиғи жолы. Далалықтар қасқыр, түлкі, қабан, киік, сондай-ақ бүркіт, қаз, дуадақ, үйрек сияқты құстарды, тіпті сұршұнақ, борсық секілді ұсақ жануарларды да азық ретінде пайдаланған. Көл мен өзеннің балығынан да дәмді тағам дайындалған.

Қыс түскенде мұздатылған ет шаруашылық салқын қоймаларда сақталған. Айтпақшы, дәл осы жылдам мұздату принципі қазіргі сублимациялық кептіру технологиясының негізіне айналды. Бұл әдіс – өнімдерді ондаған жылға дейін сақтауға мүмкіндік береді. Сондықтан да мұндай тағам ғарышкерлердің ұзақ сапарларына арналған арнайы рационға енгізілгені тегін емес.



Сүт өнімдері

Алайда көшпелілердің рационы тек етпен ғана шектелмеген. Бие, сиыр және ешкі сүтінен алынатын сүт өнімдері де олардың ақуызға бай тағамдарының маңызды бөлігі болған. Бұл төрт түліктің берекелі сүтінен жасалған тағамдар екі негізгі топқа бөлінген:

Тез бұзылатын:

жұмсақ қаймақ, қышқылтым қатық пен айран, сондай-ақ ашытылмаған жұмсақ ірімшік

Ұзақ сақталатын:

аздап тұздалған сары май және кептірілген сүзбенің бірнеше түрі

Даланың суперфудтары

Көшпелілердің ет пен сүтке негізделген рационы табиғаттың сыйларымен үйлесімді түрде толықтырылып отырды. Олар емдік қасиеті мол шөптерді, жидектерді, тамырлар мен саңырауқұлақтарды, жабайы пияз бен сарымсақты белсенді түрде жинаған. Мұның бәрі тағамдық әртүрлілікті арттырып қана қоймай, табиғи дәмдеуіштер мен дәрі-дәрмектің қызметін де атқарған.



Осылайша, ата-бабаларымыз жануарлық та, өсімдіктік те текті түрлі тағамдар тұтынып, олардың қолжетімділігі жыл мезгілінің берекесіне байланысты өзгеріп отырған. Сонымен қатар, олар белсенді өмір салтын ұстанып, табиғатпен үйлесімде, отбасы мен қоғамда бейбіт өмір сүрген.

Атадан қалған осы өмір салты – парасат пен үйлесімге толы даналық – бүгінгі күні де өзекті әрі құнды.

Қазақ асханасының ҚАНДАЙ ПАЙДАСЫ БАР?

Қой, жылқы, сиыр етінен дайындалған тағамдар әлі күнге дейін қазақ дастарқанының негізін құрайды; олар ақуызға және пайдалы майларға бай. Жүрек-қан тамырлары жүйесінің саулығын қолдайтын және зат алмасуды қалыпқа келтіретін жоғары сапалы ақуыздар мен маңызды омега-3 май қышқылдарына бай жайылым-да өскен жылқы етінің құндылығы ерекше. Еттің темір мен мырыштың де көзі екендігі маңызды, бұл ағзаның қорғаныс қабілетін арттырады және анемияның алдын алады.

Сұрыпталған еттен дайындалған әйгілі бесбармақ

– ағзаны бұлшық еттердің дамуы мен зат алмасу процестері үшін маңызды жануар ақуызымен қанықтырады.

Қымыз, шұбат және айран

– бұл дәстүрлі сусындар дәрумендердің (С, А, В тобы), минералдардың (кальций, темір, мыс) және ферменттердің, сондай-ақ ас қорытуды жақсартатын, иммунитетті күшейтетін және жүйке жүйесіне пайдалы әсер ететін пробиотиктердің нағыз қазынасы.

Қымыздың антибиотикалық қасиеті де бар, туберкулез бактерияларының көбеюін тежейді және ішектің саулығын жақсартады. Ал түйе сүтінен жасалған бай сусын – шұбат асқазан жарасына, демікпеге, қант диабетіне көмектесіп, ұйқы безінің, бауырдың, ішектің жұмысын қалыпқа келтіреді.

Саумал

– жаңа сауылған бие сүті – иммундық жүйені нығайтады, ас қорыту мен зат алмасу проблемаларына көмектеседі. Дегенмен, лактозаны көтере алмайтын адамдарда аллергиялық реакциялар мен жағымсыз әсерлерді тудыруы мүмкін.

Наурыз көже

– жеті ингредиенттен (жарма, ет, көкөніс) жасалған мерекелік тағам – күшті қалпына келтіру және денсаулықты сақтау үшін қажетті нағыз дәрумендік-минералдық коктейль, бұл әсіресе ұзақ қыстан кейін маңызды.

Тары, сүт, бал және жидектерден

– дайындалған ботқа жүкті және бала емізетін әйелдер үшін таптырмас азық. Балаларда гемоглобин мен кальций деңгейін көтеріп, ас қорытуды жақсартады.

Талқан, тәре және жент

– аминқышқылдары мен В дәруменіне бай дәнді тағамдар, әсіресе қысқы дәрумен тапшылығынан кейін аса құнды.

Қазы –

үйдегі жылқы етінен жасалған шұжық – толыққанды ақуызға, пайдалы майларға бай және құрамында ешқандай химиялық қоспалар жоқ, жылыту қасиеті бар тағам.

Қарта –

жылқының тоқ ішегінен жасалған тағам – құрамында А және Е дәрумендері, темір және оңай сіңетін протеин бар, бауыр жұмысын жақсартып, сүйектерді нығайтады.

Жая –

жылқының жамбас бөлігінің еті – ақуыз бен пайдалы майға бай, суық мезгілде жақсы жылытады.

Қазақ тағамдарын тұтыну жүрек-қан тамырлары жүйесі мен мидың жұмысына пайдалы майлар мен ақуыздардың арқасында жағымды әсер етеді, қан айналымын жақсартады және жүрек бұлшықетін нығайтады.

“

Қазақтардың ғасырлар бойғы көшпелі өмір салты қалыптастырған дәстүрлі тағамдарға генетикалық бейімділігін ұмытпаған жөн. Генетикалық деңгейде ет және сүт өнімдерінің жоғары сіңімділігі теңгерімді тамақтану арқылы дененің саулығына ықпал етеді.



**Төрегелді
Шарманов**



Бірақ бәрі де мөлшермен болуы керек екенін ұмытпаған жөн!



Майлы етке, әсіресе қой етіне тым әуестену қандағы холестерин деңгейінің жоғарылауына әкелуі мүмкін. Сондықтан диетологтар қой етін аптасына бір-екі реттен артық тұтынбауға кеңес береді.



Ет пен қамырды қатар пайдаланатын тағамдар, мысалы, көпшіліктің сүйікті асы — бешбармақ, калориясы жоғары болғандықтан, қимыл-қозғалысы аз өмір салтында артық салмаққа әкелуі мүмкін.



Кейбір дәстүрлі өнімдердегі тұз мөлшерінің көптігі, мысалы, құрт пен майлы қақталған теріде, гипертония (қан қысымының жоғарылауы) қаупін арттырады.

Қазы, қарта, жая – дәмі тіл үйіретін тағамдар болғанымен, олардың май мен тұз мөлшері жоғары, калориясы да көп. Сондықтан оларды шамадан тыс тұтыну жүрек-қантамыр жүйесінде ақауы бар немесе артықсалмағы бар адамдарға қауіп төндіруі мүмкін.

Кейбір тағам үйлесімдері, мысалы, сорпа мен айранды қатар ішу – қышқылдығы мен майлылығы жоғары болғандықтан, асқазан-ішек жолында ақауы бар адамдар үшін зиян болуы мүмкін.



Ет тағамдарын міндетті түрде көкөністермен, жемістермен және тұтас дәнді өнімдермен толықтыру — теңгерімді тамақтанудың басты шарты.

БАЛАЛАРДЫҢ ТАМАҚТАНУЫ

Балаларға қамқорлық — ең алдымен олардың денсаулығына деген қамқорлық. Ал денсаулықтың бастауы — дұрыс тамақтану. Қазақтың ұлттық тағамдары арасында қарапайым, дәмді әрі пайдалы нағыз аспаздық «жауһарлар» бар.



Үзбен тайлақ

— қамыр мен сүттен дайындалатын ыстық тағам, құрамында тұзы өте аз. Бұл тағам жеңіл қорытылады және өсіп келе жатқан бала ағзасын көмірсу мен кальциймен қамтамасыз етеді.



Быламық

— тары, сүт, бал мен жидектерден әзірленетін құнарлы ботқа. Ол иммунитетті күшейтіп, ас қорытуды жақсартады, гемоглобин деңгейін көтереді.




Саумал, шұбат пен айран да

— да ас қорытуды жақсартып, ағзаны дәрумендер мен минералдарға байытады, олар — сүйек құрылымының, ақыл-ой мен дене дамуының маңызды тіректері. Сонымен қатар, ет пен майды жақсы сіңіруге көмектеседі.

Бешбармақтың өзі де, егер оны майы аз еттен әзірлеп, мөлшермен ұсынса, балалар үшін ақуыздың пайдалы көзі бола алады. Сәбіз, картоп, пияз қосылған жеңіл көже мен сорпалар да балаларға арналған жұмсақ әрі теңгерімді тамақтың маңызды бөлігі.

Балаларға беруге ұсынылмайды?

“**Жоғары калориялылығы, майлылығы және жетілмеген ас қорыту жүйесіне түсетін ықтимал салмаққа байланысты балаларға мынадай тағамдарды жиі беруге болмайды: майлы бешбармақ, калориясы жоғары бауырсақ, сорпа мен айранды қатар қолдану – бұл асқазанға зиян болуы мүмкін, сондай-ақ қуырдақ – құрамында майлы ет пен субөнімдер көп.**



Төрегелді Шарманов



Тұз бен дәмдеуіштердің артық мөлшерінен аулақ болған жөн. Дәстүрлі тағамдарды міндетті түрде жаңа піскен көкөністермен және көк шөптермен толықтыру қажет.

ҚАЗІРГІ қазақ асханасы

Уақыт бір орнында тұрмайды, ал қазақ асханасы да дамып келеді.

Ол жаңа тағамдар ұсынып, дәстүрлі рецептерді қазіргі өмір салты мен денсаулық талаптарына бейімдеуде.



Бүгінде ерекше жаңашыл үлгілер пайда болуда — мысалы, **аэробаурсақ** пен орман саңырауқұлақтарынан жасалған мусспен берілетін нұсқасы — дәстүрлі нан өнімінің жеңіл әрі құнарлы баламасы. Ролл-бешбармақ – сүйікті тағамның ыңғайлы әрі ықшам форматы. **«Сұлтан сыйы», «Батыр борша», «Бәйтерек»** сынды қой қабырғасынан жасалған ерекше тағамдар дәстүрлі ет пен сүт өнімдерін қазіргі заманғы соуспен және заманауи сәнді ұсынумен үйлестіреді. Майсөк пен жент сияқты тарыдан дайындалатын диеталық тағамдар, талшыққа және микроэлементтерге бай бола отырып, сау тамақтану үлгісіне айналып келеді және тіпті балалар рационына да ұсынылады. Бұл қазақ асханасындағы жаңа бағыттар тағамдардың калориясын азайту, пайдалы табиғи өнімдерді пайдалану және заманауи көркем түрде ұсыну сияқты мақсаттарды көздейді.

Осылайша, қазақтың ұлттық тағамдары — бұл дәстүр мен дәмнің тамаша үйлесімі. Ол – өзінің құндылығы жоғары пайдалы қасиеттерімен, бірақ дұрыс қолданылмаса, белгілі бір қауіптерімен де ерекшеленеді. Асықпай ойланған тамақтану, өлшем мен теңгерім — осы бай әрі бірегей аспаздық мұраны денсаулық пен сергектікті сақтай отырып тамашалаудың басты кілті.



АРАЛЫҚ АШЫҒУ:



пайдалы әдет пе,
әлде жай ғана сән бе?

«Мен қазір аралық ашығу» – бұл жаттығу залдарынан бастап Instagram stories-теріне дейін барлық жерде естіледі. Түрлі-түсті тағамдар, 16 сағаттық таймерлер, бір стақан су және аш қарынға жасалатын медитация – бұл жаңа тренд пе, әлде шынымен де тиімді емдеу әдісі ме?

Аралық ашығу ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



“**Тамақтану біздің денеміздің толыққанды демалыс сәтінде емес, белсенділік кезеңінде болуы керек. Егер тағам дұрыс емес уақытта қабылданса, бұл денеге қосымша күш түсіреді.**



**Төрегелді
Шарманов**

Қарапайым тілмен айтқанда, бұл тамақтану және тамақтанбау кезеңдерінің алмасуы.

Мысалы, 10 сағат бойы тамақтануға рұқсат етіледі, ал қалған 14 сағат ішінде тек су ісуге және шыдамдылық танытуға болады. Айта кетейік, түнгі ұйқының өзі қазірдің өзінде «аштық терезесінің» бір бөлігі.

Бұл идея жаңа емес – ол біздің циркадтық ырғақтарымызбен, яғни ішкі биологиялық сағатымызбен үйлеседі. Біздің ағзамыз, тіпті ішек микробиомы да, табиғи белсенділік сағаттарында тамақтанған кезде әлдеқайда тиімді жұмыс істейді. Сіз түнгі тағамдар туралы не айтасыз деп сұрарсыз? Өкінішке орай, бұл метаболикалық хаосқа апаратын тікелей жол.

“**Аралық ашығу қабынуды азайтады, микробиотаның саулығын жақсартып және иммундық реакцияны күшейтеді. Көңіл күй тұрақтанады, энергия деңгейі көтеріледі және шаршау сезімі азаяды**



**Төрегелді
Шарманов**

Аралық ашығу не үшін қолданылады?

Зерттеулер көрсеткендей, ара-тұра ашығу жай ғана сән емес, метаболизмді реттеудің және созылмалы аурулардың алдын алудың қуатты құралы болып табылады:

Артық салмақтан арылу:

Тамақтануға аз уақыт бөлінуі = аз калория тұтыну.

Метаболизмнің жақсаруы:

Инсулиннің әсері күшейеді, 2-ші типті қант диабетінің қаупі төмендейді.

Жүрек-қан тамырларын қорғау:

Қан қысымы қалыпқа келеді, «зиянды» холестерин деңгейі төмендейді.

Аутофагия:

Бұл жасушалық детоксикация процесі, оның барысында ағза ескірген жасушалардан және жасуша ішіндегі «қоқыстан» арылады.

Нейропротекция:

Мидың икемділігі артады, стресс пен қабынуға төзімділігі жоғарылайды.

Ғылым не дейді?

Ұлыбританияда ауқымды зерттеу жүргізілді: **246 000 адам** тәуліктің **10 сағатында** тамақтанып, қалған **14 сағатында** (оның ішінде түнгі уақытты оса алғанда) ашығатын аралық ашығу режимін қолданып көрді.

Зерттеу нәтижелері:

Қатысушылар орта есеппен шамамен 1 келі салмақ тастады.



**Энергия деңгейі
+22%-ке дейін өсті**



**Көңіл күй +11%-ке
жақсарды**



**Аштық сезімі
азайды**

Сонымен қатар, ғалымдар 14 сағаттық аралық ашығу режимінің 16 сағаттық ашығумен салыстырғанда анағұрлым тиімді болғанын байқаған.

Бұған қоса, зерттеу барысында анықталған қате түсініктердің бірі – физикалық белсенділікке дейін тамақтану керек деген ой болды.

Алайда бұл дұрыс емес. Аш қарынға жасалған физикалық жаттығулар жеңіл тамақтанғаннан кейін жасалған жаттығулар сияқты пайдалы болуы мүмкін. Сондықтан аш қарынға таңғы жүгіріске шығудан қорықпаңыз.

Мерзімді ашығу деген не?

Мерзімді ашығу – аралық ашығудың бір түрі. Принципі ұқсас, бірақ бұл ашығу түрі ұзақтау немесе тұрақты емес уақыт аралығын қамтуы мүмкін – мысалы, айына бірнеше рет 24 сағаттық ашығу.

Мерзімді ашығуды профессор Вальтер Лонго белсенді зерттеп келеді. Оның зерттеулері ашығу қартаю үдерісін баяулатып, жүрек пен мидың қызметін жақсартып алатынын көрсетуде. Сонымен қатар, ол мерзімді ашығу қатерлі ісіктің алдын алуға және метастаздармен күресуге көмектеседі деп есептейді. Алайда, бұл салада зерттеулер әлі де жалғасып жатыр. Сондықтан мерзімді ашығудың әрекет ету механизмдерін және онкологияда оны дұрыс қолдану жолдарын толық түсіну үшін қосымша клиникалық сынақтар қажет.

Жалпы алғанда, мерзімді ашығу – денсаулықты жақсартудың болашағы зор тәсілі. Алайда оны қолданғанда сақтық пен жеке ерекшеліктерді ескеру маңызды.

Қандай қауіптер болуы мүмкін?

Бейімделу кезеңіндегі жайсыздық:

Бас ауруы, бас айналу, шаршау сезілуі мүмкін.

Артық тамақтану қаупі:

Ашуғудан кейін тәбеттің күшеюі ықтимал.

Қоректік заттардың жетіспеушілігі:

Теңдестірілген диетаны сақтау маңызды.

Жүрек-қан тамырларына қауіп төндіруі:

Зерттеулер көрсеткендей, 16 сағаттық ашығу режимін ұстанатын адамдарда жүрек-қан тамырлары ауруларынан қайтыс болу қаупі 12–14 сағат ашығатын адамдармен салыстырғанда едәуір жоғары болуы мүмкін.

Тамақтану бұзылыстарының қаупі:

Кейбір адамдарда тамақтану бұзылыстарының дамуы немесе нашарлауы мүмкін.

Аралық ашығу – бұл «апталық диета» емес, жылдар бойына қолданылатын стратегия. Және бұл саналы әрі мұқият көзқарасты қажет етеді.

ДИЕТАЛЫҚ ҚОСПАЛАР:

**ДЕНСАУЛЫҚ
ЕЛЕСІ МЕ,
ӘЛДЕ МАРКЕТИНГ ПЕ?**



«С дәрумені сізді суық тиюден қорғайды!», «Д дәрумені – күшті иммунитеттің кілті!» деген қызықты уәделерді әрбір адам кем дегенде бір рет естігені анық. Қазіргі уақытта ересек тұрғындардың жартысына жуығы денсаулық пен ұзақ өмір сүру үмітімен диеталық қоспаларды жүйелі түрде қабылдайды. Бірақ жарнаманы бір шетке ысырып, шынайы жауап іздейік: бұл жұмбақ аббревиатураның астарында не жасырылған және ол бізге шынымен қажет пе?

